

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ

Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т

МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана, Парламент Мәжілісі

20 __ ЖЫЛҒЫ « __ » _____

№ _____

010000, Астана, Мажилис Парламента

« __ » _____ 20 __ года

2023 жылғы 26 сәуірде жарияланды

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрі
Ә.А.Смайыловқа

Депутаттық сауал

Құрметті Әлихан Асханұлы!

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен 2019 жылдан тастап Қазақстан күрделі қоғамдық-саяси трансформация кезеңін өткеруде.

Елімізде ауыл әкімдерін халық тікелей сайлау мүмкіндігіне ие болды. Биыл 1480 ауыл әкімі тікелей сайланады.

Халық аудан, қала әкімдерін биыл пилоттық деңгейде, келесі жылдан бастап, тікелей сайлау мүмкіндігіне ие болады.

Қазақстан Суперпрезиденттік басқару жүйесінен бас тартты.

"Бір Президент - бір мерзім" саяси новелласы енгізілді.

Мәжілісте Қазақстанның саяси тарихында бірінші рет 6-партия жұмыс істеуде!

Жоғары аудиторлық Палата жылына екі рет Мәжіліс алдында есеп беретін болды.

Конституциялық Сот құрылды.

Мемлекет басшысы Тоқаев күрделі геосаяси жағдайда халыққа Конституциялық реформаны ұсынып, ол іс-жүзіне асты.

«АМАНАТ» Фракциясы енді Үкімет, жергілікті әкімшіліктермен бірлесіп, осы саяси трансформацияны халықты шешім қабылдау процесіне кеңірек араласу үрдісіне айналдыра отырып, қоғамның ыждаһатты әлеуметтік-экономикалық белсенділігін арттыруға пайдалануы қажет деп есептейді!

Бізге парасатты, байсалды, халықшыл саяси мәдениет қалыптастыру маңызды.

Аймақтарда жергілікті әкімдер бюджет қабылдау процесіне жаңа сайланған мәслихаттардың творчестволық потенциалын пайдалана отырып, бюджет процесіне қоғамды кеңірек қатыстыру мәдениетін жасау маңызды.

Жергілікті бюджеттің қалыптасуы барша халыққа жаппай ашық және түсінікті болуы тиіс.

Аудандық, облыстық деңгейдегі өзекті, өткір мәселелер ашық талқыдан өте отырып, шешімдер жергілікті қоғамдастықпен келісе отырып қабылдануы абзал.

Үкіметтің өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, баға, тариф саясатындағы өзгерткенде халыққа түсінікті, ашық болуы шарт.

Шыны керек, үкіметтің бүгінгі күнгі халықпен жұмыс істеп, қоғаммен коммуникация жасау тәсілдері көңіл көншітпейді.

Жас өспірімдерді гуманистік тұрғыда тәрбиелеу, Қазақстандық өзін-өзі сезіну, мемлекеттік ақпарат қауіпсіздігі аясында проблемалар көбейіп келеді.

Үкімет елімізде өтіп жатқан саяси трансформацияның мәні мен маңызын халыққа түсіндіре отырып, азаматтардың қоғамдық творчествосын арттыруға бағытталған нақты шешімдер қабылдауы тиіс.

Бұл мәселелерді оң шешпей Конституциялық реформаның ұлағатты творчестволық потенциалын арттыру қиынға соғады.

Сауалға заңда көрсетілген мерзімде жауап берулеріңізді өтінеміз.

Құрметпен,

**Қазақстан Республикасы Парламенті
Мәжілісінің депутаттар,
«АМАНАТ» Фракциясының барлық мүшелері**

Е.Саиров

Г. Нығматулина
☎ 8 (7172) 74-64-08